



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ішкі өнімін есептеу барысында да есепке енгізілмейді. Екіншіден, экологиялық аудит Республикамызда 2015 жылы 12 қарашада Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың №392 бұйрығымен енгізілген аудиттің ерекше типі – мемлекеттік аудитпен ұштасып жатыр. Бұл жерде айта кететін маңызды жайт, «1 категориялы мемлекеттік аудитор» біліктілігін алуға үміткерлердің тапсыратын пәндерінің бірі – экологиялық аудит болып табылады. Сол себепті, экологиялық маңызы зор деп есептеймін.

Жоғарыда айтылғанға негізделе отырып, мынадай ұсыныстарды алға тартамын:

1. Аудитор болуға үміткерлерге лицензия беру кезінде және аудиторларды қайта даярлау мен біліктілігін арттыру және оларды сертификациядан өткізу барысында жүргізілетін емтихан пәндері қатарына экологиялық аудитті енгізу;
2. Аудиторларды әрбір аудиторлық тексеру жүргізу барысында мемлекеттік және мемлекеттік емес (жеке меншік) кәсіпорындардың, ұйымдардың және т.б. заңды тұлғалардың тек қаржылық қорытынды есебін ғана емес, оған қоса оның экологиялық ахуалын (кәсіпорын қызметінің қоршаған ортаға әсері және оның зиянды жақтарының бар-жоғы, табиғи ресурстарды пайдалану деңгейі, т.б.) бақылау және тексеру;
3. Еліміздің шикізатқа тәуелділігіне байланысты Есеп Комитеті тарапынан қазақстандық аудиторлық фирмалар мен компаниялардың экологиялық аудитті жүргізуін талап етілуі және қадағалануы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. www.netref.ru
2. www.stat.gov.kz
3. www.articlekz.com

УДК 336.22:658.155(045)

ҚЕХС ЖӘНЕ САЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҒЫНА СӘЙКЕС ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ ЕСЕБІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мырзабек Жалғас Асқарұлы

jaks_kz-98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 5В050800 «Есеп және аудит» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Спатаева Сауле Бакытовна

Бюджеттік – қаржылық жүйе мемлекет қаржыларының қалыптасуы және қолданылуы бойынша қатынастарды қамтиды. Бұл жүйе мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, қорғаныстық және тағы да басқа қызметтерін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етуді мақсат тұтады. Бұл жүйенің басты элементі – салықтар. Салықтар – мемлекет табыстарының негізгі көзі болып табылады [1].

Салық – нарықтық қатынастардың бір бөлігі, оның қызмет етуі елдегі экономикалық реформалардың нәтижелілігімен тығыз байланысты. Кез-келген мемлекет өмір сүру үшін өзінің материалдық-қаржылық базасы болу керек. Қарапайым тілмен айтқанда, мемлекет өз аппаратын қамтамасыз ету үшін және өз қызметін жүзеге асыруға қажетті шығындарды жабу үшін қаражат көздерімен қамтамасыз етілуі тиіс. Президент биылғы Жолдауында Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қалай қосылуы жолындағы негізгі жеті басым бағытты айқындаған екен. Сол басымдардың ішінде салық мәселесіне біршама өзгерістер енгізілді.

Корпоративтік табыс салығы – бұл салық төлеуші заңды тұлғаның табыстар ретінде алынған қаражаттарынан алынатын міндетті төлем [2].

Корпоративтік табыс салығының басты мәні – бұл салық заңды тұлғалардың қаржылық жағдайымен тікелей байланысты, яғни корпоративтік табыс салығы бойынша бюджетке

түсетін қаражаттар экономиканың әр түрлі секторындағы кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне тікелей тәуелді.

Салық кодексіндегі маңызды категориялардың бірі – резидент емес заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан және табыс алу мақсатында пайдаланатын тұрақты мекемесі болып табылады. Сонымен қатар, резидент емес тұлғаның таза табысына 15% мөлшерінде салық салынады.

Корпорациялық табыс салығының маңыздылығы. Кәсіпорындардың табысына салынатын салық барлық салықтардың ішінде ең маңызды орын алатын салық түрі. Корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі де басқа салықтармен ең жоғарғы болатынын ескерсек, бұл салықтың мемлекеттік бюджетке түсімі де үлкен орын алады. Әр түрлі салықтардың мемлекеттік бюджетке түсуде үлестері 1-кестеде берілген [3].

Кесте 1. Бюджетке түсетін салықтардың 2012-2016 жж. өзара үлесі, %

Салықтар түрі	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл
Корпоративтік табыс салығы	22,7	20,4	36,5	31,2	36,0
Жеке табыс салығы	18,0	13,2	11,4	12,6	11,9
Әлеуметтік салық	12,2	23,2	22,1	22,9	20,1
Қосымша құн салығы	28,1	31,7	28,7	29,4	27,6
Басқа салықтар	9,0	11,5	1,3	3,9	4,4
Барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0

Нарықтық экономика жағдайларында корпоративтік табыс салығы маңызды орын алады. Бұл кәсіпорындардың кездегі қаржылық жағдайы мен келешекте даму мүмкіндігімен тікелей байланысты. Мемлекеттік бюджет табыстарының негізгі көзі бола отырып, бұл салық фискалды қызмет атқаруымен қоса, қаржылық-шаруашылық операцияларды барынша тиімді ұйымдастыруға ынталандыруды мақсат тұтады. Өйткені корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі сыртқы факторларға емес, салық төлеуші тұлғаның өз қызметінің нәтижелеріне, яғни алған табыстарына тікелей байланысты.

2014 жылы корпоративтік табыс салығы бойынша түсімдер жалпы мемлекеттік бюджеттің 33,65% құраса, 2015 жылы 35,34%, ал 2016 бұл көрсеткіш 37,33% пайызды құраған, яғни корпоративтік табыс салығы мемлекеттік бюджет кірістерінің жартысына жуығын құрап, өзінің маңыздылығын айқындап беріп отыр. Кестедегі мәліметтер корпоративтік табыс салығын төлеушілер ішінде резидент тұлғалар төлейтін салық мөлшері басым болып отыр – 48,3% құраған.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына 2015-2016 жылдарға қарағанда, 2014 жылы мұнай секторы ұйымдарынан алынатын тікелей салықтар бойынша түсімдер 3,5 млрд. теңгені құрап, сол жылғы Ұлттық Қор түсімдерінің 21,8% құраған болатын, оның ішінде: корпоративтік салығы бойынша түсімдер – 1,3 млрд. теңге болған [4].

Салықтық бақылаудың түрлері мен нысандарын келесідей бөліп көрсетуге болады: салық төлеушілер мен салық салу объектілерін тіркеуге алу, камералық, салық төлеушілер мониторингі, құжаттық салықтық тексерулер. Өзіндік өндірістің тауарларын сатушы ұйымдардың қатарына келесі шарттарға жауап бере алатын кәсіпорындар жатады:

- тауарларды (қызметтерді, жұмыстарды) өткізуден алған табыс сомасында өзіндік өндірістің тауарларын өткізуден алынған табыстың үлесі 90 % кем болмауы тиіс. Мұндай тауарлардың тізімін Қазақстан Республикасы үкіметі бекітеді.

- тауарларды (қызметтерді, жұмыстарды) өткізуден алынған табысындағы қосылған құнның үлесі 40% кем болмауы тиіс;

- салық кезеңінде төленуі тиіс салықтар сомасының (жанама және төлем көзінен алынатын салықтардан басқа) тауарларды (қызметтерді, жұмыстарды) өткізуден алынған

табыс сомасына қатынасының нәтижесінде алынатын салық ауыртпалығының коэффициенті 12% кем болмауы тиіс [5].

Мемлекеттің тұрақты экономикасын құруда салықтар маңызды орын алады. Экономикалық мазмұны тұрғысынан салық дегеніміз, кәсіпорын мен ұйымдардан заңға негізделіп алынатын міндетті төлем жүйесі. Салық мәселесі мен салық салудың тамыры ғасырларға тереңдеп кеткен. Салық – нарықтық қатынастардың бір бөлігі, оның қызмет етуі елдегі экономикалық реформалардың нәтижелілігімен тығыз байланысты. Өз кезегінде жүргізілген салықтық реформаның тиімділігі мемлекеттің экономикалық дағдарысын, проблемаларын шешуші қызметін атқаруда. Яғни салық – бұл белгілі бір көлемде, белгілі бір мерзімде жалпы мемлекеттік қажеттіліктер үшін өкілетті мемлекеттік органдардың актілері негізінде бюджетке төленетін заңды және жеке тұлғалардың қайтарымсыз төлемдері. Бүгінгі күні еліміздің салық жүйесі біршама өзгерістерге ұшырап, дамып және нығайып келеді.

Мемлекеттің және салық төлеушінің мүдделерін сақтау мақсатында билік органдары қажетті салықтық төлемдердің дұрыстығы мен уақтылы төлеуін қадағалап отырады. Салықтық бақылау барысында салықтық заң бұзушылықтар мен қателіктер айқындылып, олардың алдын-алу шаралары қарастырылады.

Салықтық заң бұзушылық дегеніміз – бұл қылмыстық жауапкершілікке алып баратын салық төлеушілердің салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуден қасақана бас тарту (қашқақтау) әрекеті болып табылады. Салықтардан бас тарту міндетті төлемді жағдайы жетіп тұрса да мемлекетке төлеу міндетін қасақана орындамау. Сәйкесінше, салықтық қателіктер – бұл салық сомасын есептеуде және жеңілдіктерді қолдануда білместік жіберіп, мемлекеттік табыстарға байқаусызда нұқсан келтіру әрекеттері болып табылады.

Салықтық бақылаудың түрлері мен нысандарын келесідей бөліп көрсетуге болады:

- салық төлеушілер мен салық салу объектілерін тіркеуге алу;
- камералық бақылау – салық есебін құру бойынша салықтық заңнаманы бұзушылық пен қателіктерді жедел анықтау;
- салық төлеушілер мониторингі – нақты салық салу базасын анықтау мақсатында салық төлеушілердің қаржылық-шаруашылық қызметін қадағалау жүйесі;
- құжаттық салықтық тексерулер (кешенді, рейдтік, қарама-қарсы тексерулер);
- бақылаудың басқа да түрлері (салық кодексінің 17 бөлімінде жан-жақты қарастырылған) [6].

Пайдаға салынатын салық 12 (IAS) «Пайдаға салынатын салық» ҚЕХС сәйкес қаржылық есепте танылады. Ал ҚР салық кодексінің талаптарына сәйкес корпоративті табыс салығы есептелініп, салық есептілігі тапсырылады [7].

Сондықтан ҚЕХС пен салық заңдылығының талаптары сәйкес келе бермейтіндіктен тұрақты және уақыттық айырмашылықтар пайда болады. Тәжірибеде осы сұрақтар бойынша бухгалтерлік есепте қателіктер жіберіледі. Сондықтан кәсіпорын мәліметтері негізінде оларды есепте тану, есептеулерді жүргізу үшін мысал ретінде, «Жол құрылыс» компаниясының мәліметтері пайдаланылды. «Жол құрылыс» компаниясы жыл сайын 31 наурыз күніне шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындайды. Есепті жылдың 31 наурызында біткен жыл ішіндегі келесідей іс әрекеттер болған:

1) «Жол құрылыс» компаниясының меншігіндегі зардап шеккен, салық мақсатына түзетілген «Еншілес кәсіпорны» 3 млн. а.б. зардап шекті. «Еншілес кәсіпорны» шеккен зардаппен алдыңғы салық міндеттемелерін азайта алмайды, ал салық заңнамасы «Еншілес кәсіпорны» еншілес ұйымына өзінің салықтық зардабын басқа компания топтарына аударуға рұқсат етпейді. Жергілікті заңнама «Еншілес кәсіпорны» еншілес ұйымына зардапты болашақ кезеңге тасымалдауға және оны болашақтағы салық салынатын пайданы азайтуға қолдануды рұқсат етеді. «Жол құрылыс» басшылығы «Еншілес кәсіпорнының» болашақта салық салынатын пайдасы болады дегенге сенбейді;

2) 2014 жылдың 31 наурызы қарсаңында «Жол құрылыс» бөлімшелерінің біреуін жылдың аяғында жабу туралы міндеттемені қабылдады және кейбір қызметкерлердің санын азайтты. Осыған байланысты, Жол құрылыс қаржылық жағдай туралы есепте 2014 жылғы 31

наурыздағы жағдай бойынша 2 млн а.б. көлемінде зардапты жабу үшін арналған резервті таныды. Жергілікті салық заңнамасы бойынша жабу шынымен жасалса ғана шығындарды жабуға салық жеңілдіктерін береді. 2015 жылдың 31 наурызында аяқталатын жылда «Жол құрылыс» 2 млн. а.б.-нен асатын салық салынатын табысты алуға үміттенеді. 2014 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «Жол құрылыс» басқа көздерден салық салынатын 2 млн а.б. көлемінде уақытша айырмашылық болды.

3) 2014 жылдың 31 наурызында аяқталатын жыл ішінде 38 ҚЕХС (IAS) - материалдық емес активтердің 57-параграфының критерийлеріне жауап беретін даму шығындарын капиталдандырды. Капиталдандырылған шығындардың жалпы сомасы 1 млн 600 мың а.б.не жетті. Дамыту жобасы «Жол құрылыс» компаниясына 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап экономикалық пайда әкеле бастады. «Жол құрылыс» басшылығының бағасы бойынша, жоба, осы күннен бастап, бес жыл ішінде экономикалық пайда әкеледі. Өндірістік шығындар 2014 жылдың 31 наурызында аяқталған жыл үшін салық салынатын пайдадан толықтай алынып тасталды.

4) 2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша «Жол құрылыс» шоғырландырылған қаржылық есебінде шоғырландырудан туындайтын гудвиллдің жалпы сомасы 4 млн. а.б. құрады. 2014 жылғы 31 наурызда басшылық гудвиллді құнсыздануға тестіледі және ол 600000 а.б. мөлшерінде құнсызданған деп қорытындылады. 2014 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша топтық компаниялардың ешқайсысы осы құнсыздану бойынша айыптаудың нәтижесінде салықты шегеру мүмкіндігін алмады.

5) 2013 жылдың 1 сәуірінде «Жол құрылыс» 10 млн а.б. көлемінде қарыз алды. Қарыз алу «Жол құрылыс» компаниясына 200 мың а.б. көлемінде шығын келдірді және бұл шығындар 2013 жылғы 1 сәуірдегі салық шегерімінің критерийлеріне сәйкес келеді. Несие бойынша пайыздық төлемдер үшін қарастырылмады, бірақ 2016 жылғы 31 наурызға төленетін сома 13 млн. 43 мың 800 а.б. құрайды. Бұл тиімді жылдық сыйақы мөлшерлемесі 10%-ға тең. «Жол құрылыс» салық заңнамасына сәйкес, 3 млн 43 мың 800 а.б. сомасындағы кейінгі салық шегерімі 2016 жылғы 31 наурызда өтелген кезде қайтарылуы мүмкін.

Осы оқиғалардың әрқайсысының 2014 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша «Жол құрылыс» тобының қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептілігінде бейнеленген кейінге қалдырылған салық активтеріне / міндеттемелеріне қалай әсер ететінін түсіндіру және көрсету қажет. Кейінге қалдырылған салықтарды есептеу тәртібі 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2. Кейінге қалдырылған салықтарды есептеу тәртібі

Көрсеткіш	Баланстық құны	Салық базасы	Уақыттық айырма	(КҚСА)/КҚСМ 25%
Салықтық залал	-	3000	(3000)	3000*25%=(750)
Резерв	2000	-	(2000)	2000*25%=(500)
Материалдық емес актив	1600- 1600/5*3/12=1520	0	1520	1520*25%=380
Гудвилл	4000-600=3400	3400	0	0
Қаржылық міндеттеме	9800+980=(10780)	(10000)	(780)	(195)

1) Салықтық залал кейінге қалдырылған салықтық активтің пайда болуына алып келуі ықтимал, себебі оны болашақ кезеңдерге апаруға және ағымдағы салық бойынша шығындарды азайта алады. Бұл жағдайда кейінге қалдырылған салықтық актив танылмайды, себебі «Еншілес кәсіпорны» болашақта жеткілікті салық салынатын пайда алу күтпейді және бұл салықтық залалын басқа еншілес ұйымдар тобына ауыстыра алмайды.

2) Қайта құрылымдау резерві кейінге қалдырылған салықтық активтердің пайда болуына алып келеді, себебі болашақта жабылғаннан кейін салық салынатын шығындар

мойындалады. Пайдаға салынатын салық азайтылады. Кейінге қалдырылған салықтық актив (500) танылады, себебі компания болашақта салық салынатын пайда алуды күтеді.

Қаржылық жағдай туралы есептілікте кейінге қалдырылған салықтық активі кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерін азайтады.

Кейінге қалдырылған салықтық актив «Пайда мен залал туралы есептілікте» танылады, себебі қайта құрылымдау резервісі пайдаға салынатын салық бойынша шығындарды азайту арқылы Пайда мен залал туралы есептілікке әсер етеді.

3) Материалдық емес активтердің баланстық құны амортизацияны азайтумен көрініс табады. Салық есебінде 1600 болатын барлық сома шегерімдер ретінде танылып қойылғандықтан, салық базасы = 0. Уақыттық айырма салық салынатын уақыттық айырма болғандықтан кейінге қалдырылған салықтық міндеттемені тудырады. «Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме» қаржылық жағдайы туралы есептілікте ұзақ мерзімді міндеттемелер бөліміндегі «Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме» бабында 380 а.б. көрініс табады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме пайда мен залал туралы есептілікте танылады, себебі материалдық емес активтердің амортизациясы да пайда мен залал туралы есептілікке әсер етеді.

4) Гудвилл қаржылық жағдай туралы есептілікте құнсыздану зияндарына азайтылып көрсетіледі. 12 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандарты гудвилл мен гудвиллдің құнсыздануы бойынша кейінге қалдырылған салықты тануға тыйым салу бекітілген. Егер баланстық құны ешқандай да салықтық салдарға әкеліп соқпаса, онда салық базасы = баланстық құны.

5) Қарыздың бастапқы танылуы = Әділ құны – Келісім шарт шығындары = 10000 – 200 = 9800 а.б.

Кейінгі есебі амортизацияланатын құны бойынша, өйткені мақсаты жабуға дейін ұстап қалу. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты бойынша пайызды есептеу = $9800 * 10\%$ = 980 а.б.

Қаржылық міндеттеменің салық салу базасы = 10000. Пайыздарды есепке алмағанда, себебі халықаралық қаржылық есептілік стандарты және салық есебі бойынша тану кезінде уақыттық айырма болады. Уақыттық айырма шегерілетін уақыттық айырма болғандықтан кейінге қалдырылған салықтық актив 195 а.б. көлемінде танылады.

Кейінге қалдырылған салықтық актив қаржылық жағдай туралы есептілікте танылады, егер компания жеткілікті салық салынатын пайданы алуды күтсе, қалыптасқан кейінге қалдырылған салықтық активке байланысты пайдаға салынатын ағымдағы салықты төмендету үшін. Пайда мен залал туралы есептілікте ұзақ мерзімді активтер бөлімінде көрініс табады немесе ашып көрсетілмеген болса, кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерді азайту арқылы. Пайда мен залал туралы есептілікте кейінге қалдырылған салықтық актив танылады, себебі қаржылық міндеттеме бойынша пайыздар пайда мен залал туралы есептілікте танылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ваксян И.И. «Эффективные приемы и методы налогового контроля», Налоговый эксперт. 2017 г. – №1
2. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д. Қаржы: Оқулық/ - Алматы. Экономика, 2010 – 522 бет.
3. www.minfin.gov.kz – «Қазақстан Республикасы бойынша Мемлекеттік бюджетке салықтар мен төлемдердің түсімі» туралы ҚР Қаржы министрлігінің жылдық есебі, 2016ж. 31 желтоқсан
4. www.minfin.gov.kz – ҚР Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсы
5. Мартынов А.В. «Совершенствование налогообложения прибыли в промышленных предприятиях в период трансформации экономики», Известия, Москва, 2011 г. №6 серия

6. www.adilet.zan.kz - «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» (01.01.2018ж. өзгертулер мен толықтырулар)
7. Жақыпбеков Д.С., Кәсіпорынның есеп және салық саясаты (кескіндер мен кестелерде) оқу құралы. Алматы: Экономика, 2013ж. – 358 бет.
8. Құлпыбаев С. Қаржы: Оқулық / С. Құлпыбаев, С.Ж. Ынтықбаева, В.Д. Мельников – Алматы: Экономика, 2015. – 784б.
9. Айдаров Д.Б. Теоретические аспекты совершенствования подоходного налога в РК / Налоговый эксперт.-2012 ж.-К9-12.-140 стр.
10. Ермекбаева Б.Ж. «Вопросы совершенствования налогообложения предпринимателей», Налоговый эксперт, 2014– № 6 серия экономическая.

УДК 346.18

ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМ БИЗНЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ҚАРАЙ ЕСЕП САЯСАТЫҢ ТАҢДАУДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Набат Досбол Турсынбекұлы

dosbol.nabat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Н.Таштанова

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бүгінде әлемдегі әрбір оныншы жұмыс орнын ашып отырған сырттан келушілер туризмі мен ішкі туризм кез келген өңір үшін перспективалық табыс көздерінің бірі болып саналады. Үкімет виза мәселелерін жеңілдетуді, инфрақұрылымды дамытуды және туризм саласындағы кедергілерді алып тастауды қамтитын кешенді шаралар қабылдауы керек» екендігін атап көрсеткен болатын [1].

Жеті кластерлік бастаманың ішінде туристік индустрияның экономиканың басым секторларының бірі ретінде танылуы оны дамытуға жаңа мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласындағы белгілеген барынша маңызды міндеттерінің бірі - Қазақстанды Орталық Азиялық өңірдегі туризм орталығына айналдыру.

Нарықтық экономиканың дамуымен Қазақстанда туристік бизнес белсенді қалыптасып, даму үстінде. Басқарудың заманауи шарттарында туризм әлемнің көптеген мемлекеттері мен аймақтарының саясатына және әлем тәртібіне әсер ететін терең әлеуметтік-экономикалық және саяси құбылысқа айналды. Халық шаруашылығының ең серпінді «қызмет көрсету» салаларының бірі туризм болып табылады. Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ) болжамдарына сәйкес, 2015 жылға қарай халықаралық туристік сапарлардың саны 937 миллион, ал туризмнің табысы 1,1 трлн. АҚШ долларын құраған. Халықаралық туризмнің үлесі әлемдегі экспорттың шамамен 7%-ын құрайды, яғни туристік қызметтер экспорты есебінен түсетін кірістердің көлемі мұнай, мұнай өнімдері мен автомобильдерді экспорттаудан түсетін табыстардан кейінгі үшінші орын алады.

Туризмді дамыту мәселесі елімізде үлкен маңызға ие. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен ел Үкіметі туристік қызметті дамыту мәселелеріне қазіргі кезеңдегі мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі ретінде үнемі көңіл бөлуде. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңына сәйкес, туризм экономиканың жақын арада көпкірісті және мемлекет бюджетіне айтарлықтай кіріс алып келетін, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешетін құралдардың бірі болатын сала ретінде айқындалған [2].

Қазақстандағы туризмді дамытудың басты мақсаты қазіргі заманғы жоғары тиімді және бәсекеге қабілетті туристік кешенді құру болып табылады, оның негізінде экономиканың саласы ретінде саланы дамытуға, әлемдік туристік нарыққа интеграциялауға